Коммерциялық емес акционерлік қоғам

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Тіл білімдері кафедрасы

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Есептеу техникасы және бағдарламалық қамту мамандығына арналған
СӨЖ тапсырмалары мен әдістемелік нұсқаулықтар

Алматы 2018

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Қ.Ө. Ажиев. Кәсіби қазақ тілі. Есептеу техникасы және бағдарламалық қамту мамандығына арналған СӨЖ тапсырмалары мен әдістемелік нұсқаулықтар. –Алматы: АЭжБУ, 2018. – 36 б.

Әдістемелік нұсқауда СӨЖ тапсырмалары, жұмысты орындаудың талаптары, әдістемелік ұсыныстар, қажетті әдебиеттер берілген.

«Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша әдістемелік нұсқау 5В070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы студенттеріне арналған.

Әдеб. көрсеткіші –18 атау

Пікір беруші: ф.ғ.к., доцент М. Қ. Нұрмаханова

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2018 жылғы жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс унверситетінің » КЕАҚ, 2018 ж.

Кіріспе

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқау «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің Типтік оқу жоспарына сәйкес құрастырылған (көлемі 2 кредит). Әдістемелік нұсқауда 5В070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы студенттерінің өзіндік жұмысын орындауға арналған тапсырмалар кешені берілген.

СӨЖ орындаудың негізгі мақсаты студенттің кәсіби бағыттағы әрекеті барысында туындауы мүмкін әртүрлі жағдайларда қазақ тілін кәсіби түрде түрде пайдалану машықтарын жетілдіру және сонымен қатар болашақ мамандардың коммуникативтік және мәдениетаралық қарым-қатынас жасай білу шеберліктерін дамыту. СӨЖ барысында білім алушы шығармашылық белсенділікті, креативті ойлау қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін, ғылыми-техникалық мәтінді игеруге ғылыми тұрғыдан келуге ықпал ететін, кәсіби қарым-қатынас дағдыларын бекітуге мүмкіндік жасайтын практикалық тапсырмаларды орындайды.

Әдістемелік нұсқауда өзіндік жұмыстың тақырыптары мен мақсаты көрсетілген; тапсырмалар және оларды орындаудың талаптары; әдістемелік нұсқаулықтармен қатар теориялық материалдар, ұсынылатын әдебиеттер қоса берілген.

Ұсынылған ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді пайдалана отырып «Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқу шеңберінде өзіндік жұмыстарды орындау кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қажет. СОӨЖ-ге бөлінген уақытты ойын сабағы (рөлдік және іскер ойында) түрінде өткізген тиімді. Берілген тапсырмаларды жеке немесе топтасып (шағын топтарда) орындауға болады.

Студенттің № 1өздік жұмысы

Тақырыбы: функционалдық стильдер.

Мақсаты: білім алушының функционалдық стильдердерге қатысты дереккөздерден қажетті материалдарды сұрыптап заманауи компьютерлік технологиялар арқылы таныстырылым жасау дағдыларын жетілдіру.

Тапсырмалар.

1. Нақты бір функционалдық стиль жайында ақпарат беріп слайдтар арқылы таныстырылым жасау.

2. Кестені толтыру.

1 кесте - Функционалдық стильдердің ерекшеліктері

Функционалдық стильдер	Қызметі	Қолдану аясы	Стильдік ерекшеліктері	Тілдік сипаттары
Ауызекі сөйлеу стилі				
Көркем-әдеби стиль				
Публицистикалық стиль				
Ресми-іскерлік стиль				
Ғылыми стиль				

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Таныстырылым топтық жұмыс арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Білім алушылар бес кіші топқа бөлініп ауызекі, көркем-әдеби, ресми-іскерлік, публицистикалық және ғылыми стильдер жайлы мәліметтер жинақтайды.

А қосымшасында берілген таныстырылым туралы ақпаратқа сүйене отырып бес стильдің біреуі жайлы таныстырылым жасайды.

Таныстырылым жасау барысында функционалдық стильдің қызметі, қолдану аясы, стильдік ерекшеліктері, тілдік сипаттары және жанрлары қамтылуы қажет. Жұмыс соңында әрбір студент стильдерге қатысты кестені толтыруы керек.

Ой-толғау.

Сіз күнделікті қандай стильдерді қолданасыз? Шамамен қолдану мөлшерін нақтылап жауабыңызды дәлелдеңіз.

Студенттің № 2 өздік жұмысы

Тақырыбы: ауызекі сөйлеу стилі.

Мақсаты: білім алушының ауызекі сөйлеу стилінің кітаби стильден алшақтығын айқындап пікірталаста сөйлеу дағдысын жетілдіру.

Тапсырма: «*Ауызекі сөйлеу стилі біздің қарым-қатынасымызды қиындатады*» және «*Ауызекі сөйлеу стилі біздің қарым-қатынасымызды жақсартады*» деген тұжырымдарға дәйектер келтіріп пікірталасқа қатысу.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Студенттер екі топқа бөлініп ауызекі сөйлеу стиліне қатысты қарама-қарсы тұжырымның біреуін дәлелдеуі қажет. Олар ауызекі сөйлеу стилінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және басқа да ерекшеліктеріне сүйене отырып, нақты мысалдар келтіруі керек.

Мысалы, бірінші топтың көшбасшысы жаргон, қарапайым, анайы сөздер дау-дамай мен ренішке себепші болатындығын, диалектілерді қолдану адамдар арасындағы түсініспеушілікті тудыратындығын, ауызекі сөйлеу стилінің эмоционалды-экспрессивті бояуы болатындығына байланысты, ол да тұлғааралық шиеленістер мен психологиялық күйзеліске алып келуі мүмкін екендігін тілге тиек ете алады. Білім алушылар рөлдік ойындар, нақты өмірден алынған жағдайларды сахналау арқылы әртүрлі мысалдар келтіре алады. Сонымен қатар, аталған топ мүшелері мысалдарды көркем әдебиеттен де келтіре алады. Осы мақсатта Қ. Жұмаділовтің «Ұзынсары» әңгімесін талдаған тиімді.

Екінші топтың көшбасшысы, керісінше ауызекі сөйлеу стилі адамның өзімен-өзі болуына, өзінің көңіл-күйін еркін білдіре алатындығын дәлелдеуге тырысады. Ауызекі сөйлеу стилінің көмегімен ойды қысқа да әдемі жеткізуге болады. Ауызекі сөйлеу стилі адамдардың бақытты болуына себепші. Аталған топтың мүшелері де ауызекі сөйлеу тілінің артықшылығы туралы өмірден алынған мысалдарды ролдік ойындар түрінде көрнекі түрде көрсетуіне болады. Мысалы, студенттер ғашықтардың сүйіспеншілігін білдіру сәтіндегі көрініс ті (ауызекі сөйлеу, ресми-іскерлік және ғылыми стильдерде) сахналауына болады.

Сабақтың соңында студенттер ауызекі сөйлеу стилінің қажет екендігін, оның бізді қоршаған кеңістік сияқты көпқырлы екендігі туралы өз беттерінше қорытынды жасауға келуі керек. Ауызекі сөйлеу стилінің өзіндік ерекшелігі әр адамның өзіне тікелей қатысты. Белгілі бір тілдік тұлға лексиканың әртүрлі қабаттарын өз мәдениетінің деңгейіне қарай қолданады.

Пікірталас жайында № 2 Қосымшада берілген ақпаратқа сүйене отырып студенттер пікірталас түріндегі оқытушымен бірге өтетін СӨЖ сабағында көпшілік алдында сөәйлеп айтысу дағдысын қалыптастырады.

Студенттің № 3 өздік жұмысы

Тақырыбы: ғылыми-техникалық стильдің ерекшеліктері.

Мақсаты: білім алушының ғылыми-техникалық стиль аясындағы білімін кеңейту.

Тапсырма: төменде ұсынылған мәтінді оқып сұрақтарға жауап беру.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Төменде берілген мәтінді конспектілеу қажет. Оқытушы білімалушылармен мәтіннің мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.

Ғылыми стильдің ерекшеліктері

Ғылыми стильдің қолданылу аясы өте ауқымды. Бұл әдеби тілге жан-жақты әсер ететін стиль түрлерінің бірінен саналады. Қоғамда күн санап қаулап өсіп жатқан ғылыми-техникалық өрлеу тілдің сөздік құрамына жаңа сөздер мен жаңа тіркестерді енгізеді. *Ипотека, инвестор, тендер, фермер, аукцион, электрондық пошта, факс, мемлекеттік пакет, акция* т.б. толып жатқан жаңа терминдер бұқаралық ақпарат құралдарының бетінен тұрақты орын алумен қатар күнделікті өмірде еркін қолданылатын деңгейге дейін жетті. Ғылыми-техникалық стильдің түрлі салада қолданылуы және оның жылдам дамуы осы стильдің өзіне де көптеген жанр түрін әкелді. Мысалы, монография, оқулық, оқу құралы, мақала, реферат, каталог, диссертация, анықтамалық, т.б. Аталған жанрларға өзіндік стильдік ерекшеліктер тән, алайда оларды біртұтас ғылыми-техникалық стиль белгілері бойынша топтастырады.

Ғылым тілі лексикасын: а) жалпы қолданыстағы сөздер; ә) жалпы ғылыми сөздер; б) терминдік қабаттар құрайды. Ғылыми мәтінді құрайтын жалпы қолданыстағы сөздер ауқымы мәтіннің қандай оқушыға, яғни қандай ғылыми ортаға арналғанына қарай өзгеріп,түрленіп отырады. Мысалы:

1) Адам проблемасы философия ғылымымен құрдас десе де болады.

2 Коммерциялық ұйым – өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда келтіруді көздейді.

3)Аң аулау үстем тап өкілдеріне көңіл көтеретін, ойын-сауық, тамаша болса, кедейлер үшін өмір сүрудің бір көзі болған.

4)Медицинаның атасы Гиппократ: табиғат – организмге дәрі, ал дәрі-дәрмек оны жолға қояды деп үйреткен.

Келтірілген мысалдардан философия, экономика, тарих, медицина ғылым салаларының мәселелері екені оқушы мәтіндегі сөздердің мазмұндық қолданысына қарап түсінеді. Қандай ғылыми еңбек болмасын, ол жалпы халықтық әдеби тілде жазылуға тиісті, бірақ ғылым саласына қарай тілдік тәсілдердің пайдаланылуы бірдей болмайды. Әр сөз ғылыми стильде өзінің лексикалық мағынасын сақтайды, өйткені бейнелілік, көп мағыналылық ғылыми стильге тән ерекшелік емес. Лингвистикалық ғылыми еңбектерде де термин көп қолданылады.

Мысалы: *Акрехин – азоттан синтетикалық жолмен алынған дәрі, безгекке қарсы қолданылады. Суда еритін, сарғыш кристалды, ащы дәмді, ұнтақ таблетке түрінде шығарылады. Безгек плездомиясының (қан паразиті) бірі – шизонттар адам организмінде өсіп-өне келіп безгек ауруын*

қоздырады. Ал акрехин болса, сол паразиттің өсіп-өнуіне жол бермей тоқтатады. Бұл мәтіндегі сөйлемдердің баяндауыш формалары үшінші жақ жіктік жалғауымен келген, ғылыми стильге тән медициналық терминдер де көп алынған және біріңғай сөйлем мүшелері арқылы бір затты әр жағынан сипаттау, бір затқа түсінік бере кету тәрізді стильдік, дәлдік ерекшеліктер сақталған, ғылыми стильге тән терминдер де баршылық.

Ғылыми стильдегі негізгі зерттеу нысаны болатын зат пен құбылыс ғылыми негізде дәлелдеп, түсіндіруді қажет етеді. Ол үшін дұрыс ойлау, логика заңына сүйенеді. Оқушы мен тыңдаушыға түсінікті, дәлелді, тұжырымды болу мақсат етіледі, тілдік тәсілдер ғылым мәселелеріне бағындырыла отырып пайданылады. Г.В. Матвеева өз еңбегінде сөйлеу әрекеті теориясында сөйлеу актісінің үш құрамдас бөлігінің: а) локутивті (фразаның айтылу факті); ә) иллокутивті (фразаның әсері); б) перлокутивті (сөйлеу әрекетінің салдары) шегін айқындау қажеттігін айтады. Бұлардың ішінде біздің басты назар аударатынымыз – «иллокутивті мақсат - өз ойын басқаның түсінгенін қалайтын мақсат».

Автор өзінің мақсатына жету үшін әртүрлі қатысымдық тактикалар қолданады. Мәселен, автор өз ойының дұрыстығын дәлелдеу үшін шындық фактілерінің бағалануының әлеуметтік нормаларына сүйенеді, ал өз кезегінде әлеуметтік норма мәртебесі (статусы) бұл құбылыстың дағдылы, үйреншікті екендігіне оқушының көзін жеткізеді. Демек, әлеуметтік норма мәртебесі мәтінді қабылдаушыға сенімділік, қостау мәнді әсер етеді. Мәселен, ол бірінші жақтың көптік тұлғасы, есімдік, тәуелдік және жіктік жалғаулар арқылы беріледі. Мысалы: «*Олай болса, біз неге өте таза жартылай өткізгіштік шикізат алуға тырысамыз? Ол үшін тіпті ғарышта тәжірибе жасауға ғарышкерлерімізге тапсырма береміз. Оның себебі мынада. Белгілі бір сапалы электрондық аспап жасау үшін тек белгілі бір қасиетті қоспалы жартылай өткізгіш қажет. Оны алу үшін тек белгілі бір мөлшерде ғана қоспа қосуымыз керек». Ал қанша қоспа қосқанымызды анық білу үшін бастапқы негізгі шикізатымыз өте таза болуы тиіс.* Бұл үзіндідегі «*біз*» жіктеу есімдігі мен соған сәйкес жіктелген «*тырысамыз*», «*тапсырма береміз*» етістіктері көпше түрде келіп, әрекетке әлеумет өкілдерінің кез келгенінің қатыса алатынын аңғартса, тәуелдік жалғаулы «*ғарышкерлеріміз*», «*шикізатымыз*» сөздері қабылдаушыны да бұл нысандарды өзіне меншіктей алатындай етіп, яғни ортақтаса алатындай етіп көрсетеді. Жазба ғылыми мәтіндерде хабарлаушының оқиға ықтималдығын бағалауы бойынша әсер ету межелерін өзектендіру үшін модальды семантикалы лексикалық құралдар қолданылады. Оқиғаның болу мүмкіндігі межесін өзектендіру үшін мәтінде семантикалық және синтаксистік құралдар пайдаланылады да, ылғи да басқа межелермен қабаттаса қолданылады.

Енді ғылыми мәтіндерде жиі қолданылатын ырықсыз етіс категориясы туралы айтсақ, ырықсыз етіс тұлғасында айтылған етістіктің субьектісі арнайы айтылмайды да, іс-әрекет нысанына бағытталып, сабақты етістікті

салт етістікке айналдырады. Мысалы: «*Екінші кодалаушы құрылғы – каналдық кодалаушы қосымша элементтерді пайдаланудың көмегімен берілетін информацияның дәлдігін жоғарылату үшін қолданылады. Қосымша элементтер каналдағы бөгеуліктердің пайда болу заңдылығына байланысты қосылып сол бөгеуліктердің әсерінен пайда болатын қателіктерді жою үшін пайдаланылады. Мұндай кодалар бөгеуліктерге төзімді немесе түзетуші кодалар деп аталынады».*

Бұл айтылымда «*қолданылады*», «*пайдаланылады*», «*аталынады*» деген баяндауыштар нысанның өзінен-өзі қолданысқа түсетіндігін, пайдаға асатынын, аталатынын емес, осы әрекеттерді міндетті түрде адамның атқаратынын көрсетеді. Сондай-ақ «*тағылады*», «*айналдырылады*», «*салыстырылады*», «*сақталады*», «*қайта түсіріледі*» деген ырықсыз етіс формасымен берілген іс-әрекеттер ашық берілмесе де, оның адам әрекеті екендігі, ал ол әрекетке сол қоғамның мүшесі ретінде әркімнің де, ең алдымен мәтінді қабылдаушының да қатыса алатынын көрсетеді.

Тұжырымдай келгенде, ғылыми стильдегі мәтіннің өзіндік құрылымдық ерекшелігі болады. Біріншіден, мәтіннің мазмұны нақты, белгілі бір тақырып, мәселені хабарлайды. Екіншіден, хабарлау тек баяндау сипатында емес, дәлелдеу, дәйектеу, пікір білдіру сипатында болады. Үшіншіден, әрбір құрылымдағы пікір белгілі оймен тұжырымдалып, дәлелденіп отырылады. Яғни сөйлемдер екі топқа бөлінеді: бірі – теориялық пікір, яғни белгілі бір пікір хабарланады, екіншісі – сол пікірді дәлелдеп тұжырымдайды немесе түсіндіреді. Ал бұл ерекшеліктің бәрі мәтіннің мазмұнына, мәселенің тақырыбына сәйкес топтастырылады.

Бақылау сұрақтары.

1. Ғылыми-техникалық стильдің жылдам дамуының басты себебі қандай?
2. Ғылыми-техникалық стильдің қандай жанрлары бар?
3. Ғылым тіл лексикасының құрамы қандай?
4. Неліктен әр сөз ғылыми стильде өзінің лексикалық мағынасын сақтайды?
5. Ғылыми стильдегі негізгі зерттеу нысаны не?
6. Г.В.Матвеева сөйлеу әрекеті теориясында сөйлеу актісінің неше және қандай бөліктері бар деп санайды?
7. Иллокутивті мақсат дегеніміз не?
8. Ғылыми мәтіннің авторы өзінің мақсатына жету үшін қандай қатысымдық тактикалар қолданылады.
9. Ғылыми стильдегі мәтіннің қандай құрылымдық ерекшелігі болады?
10. Ғылыми стильдегі ерекшеліктер қалай топтастырылады?

Студенттің № 4 өздік жұмысы

Тақырыбы: ғылыми-техникалық мәтіннің ерекшеліктері.

Мақсаты: білім алушының ғылыми-техникалық мәтінді талдау машықтарын қалыптастыру.

Тапсырма: төменде ұсынылған мәтінді оқып оның а) лексикалық; ә) сөзжасамдық; б) морфологиялық; в) синтаксистік ерекшеліктерін анықтаңыз.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Төменде берілген мәтін келесі тәртіппен талданады:

а) лекикалық ерекшеліктерді табу (жалпы қолданыстағы сөздер, көпшілікке түсінікті жалпы ғылыми ұғымдар, кәсіби терминдер);

ә) сөзжасамдық ерекшеліктерді табу (күрделі сөздер, аббревиатура т.б.);

б) морфологиялық ерекшеліктерді табу (зат есімдердің жекеше келіп, көптік мағынаны білдіруі, есімдік пен етістіктің қиысу арқылы көпше түрде жұмсалып, жекешелік мағынаны білдіруі, етістіктің осы шақтағы ашық тұлғасының пайдаланылуы т.б.);

в) синтаксистік ерекшеліктерді табу (сөйлем мен сөйлем арасын байланыстыратын синтаксистік құралдар, шылаулар мен қыстырма сөздердің, етістіктердің, сабақтас құрмалас, салалас құрмалас сөйлемдердің, жақсыз сөйлемдердің жиірек қолданылуы т.б.).

Алғашқы компьютерлер

Қазіргі электронды есептеуіш машиналардың арғы тегі – есепшот. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, есепшоттың жасы 2000-5000 жылдар шамасында, ал пайда болған жері не Қытай, не Египет. Есепшотты гректер мен Батыс-Еуропалықтар «абак» деп, қытайлықтар «суан-пан», жапондықтар «серобян» деп атады. Осы қарапайым құралмен есептеулер оның шұңғыл тақтада орналасқан тастарын жылжыту арқылы жүргізілген. Есепшоттағы тастар піл сүйегінен, шыныдардан, қола мен басқа металлдардан жасалған. Есепшоттың жетілдірілген түрі кейбір жерлерде осы күнге дейін қолданылып келеді. Кейін келе XVII ғ басында шотландиялық математик Джон Непер логарифм түсінігін енгізіп, халыққа логарифм кестесін жария қылады. Осы бағыттағы зерттеу жұмыстарын Д.Робертсон да жүргізген. Ол Исаак Ньютонның еңбектеріне негізделе отырып, 1761 жылы жүгіртпесі бар навигациялық есептеулерді жүргізетін логарифмдық сызғыш жасаған болатын. Логарифмдік сызғыш инженерлердің басты есептеуіш құралы болды. Кейін оларды электронды есептеуіш машиналары ығыстырды.

Он тоғызға енді толған француз математигі Блез Паскаль жетектер мен дөңгелектерден тұратын механикалық есептеу құрылғысын құрастырды. Бұл құрылғының көмегімен көпорынды сандарды қосу мүмкін болды. 1694 жылы атақты неміс математигі Лейбниц Паскальдың идеясын дамытып, өзінің механикалық есептеу машинасын – арифмометрді құрастырды. Дөңгелектің

орнына мұнда цифрлар жазылған цилиндр қолданылды. Бұл құрал күрделі қосу мен алу есептеулерін жүргізумен қатар, сандарды бөлу, көбейту, тіпті квадрат түбірін табу амалдарын да орындайтын болды. Кейін арифмометр бірнеше рет жетілдірілді. Бұл бағытта орыс өнертапқыштары П.Л.Чебышев пен В.Т.Однер көп еңбек етті. Арифмометр қазіргі қолданыста жүрген калькуляторлардың негізін салды. Арифмометр мен қарапайым калькулятор есептеу жұмыстарын механикаландыру құралдарының қызметін атқарады, бұларда есептеуде адамның өзі әрекеттер тізбегін анықтап басқарады. Паскальдың идеясын дамытып, өзінің механикалық есептеуіш машинасын – арифмометрді Лейбниц 1694 жылы құрастырды. Лейбництің машинасы қосу, алу, көбейту, бөлу, тіпті квадрат түбірді табу амалдарын орындай алатын. Кейін осы құрылғыны жетілдіру мақсатымен орыс ғалымдары Чебышев пен Однер ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, аянбай еңбек еткен. Солардың арқасында қазір біз калькуляторды қолданып келеміз.

XX ғ. ЭЕМ пайда болғандықтан есептеуіш техника дамып, жарты ғасырға жуық уақыт ішінде күрделі өзгерістерге ұшырады. Сондықтан электронды-есептеуіш машиналардың дамуы бірнеше кезеңнен тұрды. I кезең (1945-1955 жылдар) XX ғ басы радиотехниканың дамыған кезеңі болатын. Сол кездегі радиоқабылдағыштар электронды-вакуумды шамдармен жұмыс істейтін. Алғашқы электрондық-есептеуіш машиналарды құрастыру үшін осындай электронды-вакуумды шамдар қолданылды. Электронды шамдармен жұмыс істейтін алғашқы электронды есептеуіш машина 1946 жылы АҚШ-та құрастырылды. Дж. Моучли және П. Эккерттің ойлап тапқан машина ENIAC «Electronic Numerical Integrator and Computer» деп аталды. Машина 300 көбейту немесе 5000 қосу амалын орындайтын. Бұл сол кезге дейін қолданылып келген Mark-1 секілді машиналардың жылдамдығымен салыстырғанда мыңдаған есе артық болатын. Американдық ғалым Джон Фон Нейман 1946 жылы жазған «EDVAC машинасы туралы алдын-ала баяндамасында» электронды-машиналарды құрастыру мен басқарудың жаңа тұжырамдамаларын ұсынды. Осының негізінде 1949 жылы EDVAC (Electronic Discrete Variable Computer) пайда болды. EDVAC-тың ENIAC-тан айырмашылығы – онда өңделетін барлық мәлімет ондық сандар түрінде емес екілік сандар түрінде кодталатын және есептеуге қажетті мәліметтер мен оны өңдеуге қажетті программа жадтың бір жерінде сақталатын.

Бізде алғашқы ЭЕМ-дер 1951 жылы — МЭСМ (Малая электронная счетная машина) және 1952 жылдары — БЭСМ (Большая электронная счетная машина) жарық көрді. Оларды КСРО-ның ғалымы Сергей Алексеевич Лебедев жасады. БЭСМ-дар ең қуатты компьютерлердің қатарында еді. Алғашқы ЭЕМ-дер он мыңдаған электронды шамдардан тұратын. Сондықтан олар жүздеген киловатт электр энергиясын пайдаланып, жүздеген шаршы метр жер аумағын алып жатты. Жұмыс өнімділігі секундына 20 мың операция ғана еді. Осындай құрылғыларға

бағдарламаларды енгізу үшін перфокарталар мен перфоленталар қолданылды.

Студенттің № 5 өздік жұмысы

Тақырыбы: ғылыми -техникалық мәтіндерде кездесетін кәсіби ұғымдар мен терминдер.

Мақсаты: білім алушыны кәсіби мәтіндегі ғылыми ұғымдар мен терминдерді ажырата білуге қалыптастыру.

Тапсырмалар.

1. Мамандық бойынша қазақ тіліндегі оқулықтан таңдап алынған мәтіннен (оқулық параграфы) терминдерді тауып баламасын жазу.

2. «Мамандық бойынша лексикографиялық дереккөздер (сөздіктер)» тақырыбында хабарлама жасау.

3. «Кім көп термин біледі?» тақырыбында жарыс ойын сабағына қатысу.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Оқулықтан алынған мәтіннің параграфтың) көлемі: 1,5 – 2 бет. «Мамандық бойынша лексикографиялық дереккөздер (сөздіктер)» тақырыбындағы хабарламаны таныстырылым арқылы жасауға болады.

Студенттің № 6 өздік жұмысы

Тақырыбы: техникалық мәтіннің анықтамасы және түрлері.

Мақсаты: білім алушының техникалық мәтінді талдау және оны өз бетінше құрастыру қабілетін дамыту.

Тапсырма: өз бетінше жаңа техникалық құрал ойлап табу.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Жаңа құралға *техникалық ситаттама, қолдану нұсқаулығы* және *техникалық жарнама* мәтіндерін жазу қажет. Жұмыс жұптық немесе кіші топтарда (3-4 студент) орындалады. Алдымен студенттер жаңа құралға қатысты жобасы жайлы хабарлама жасайды. Арнай СӨЖ сабағында жаңа құралды жарнамалап оған таныстырылым жасайды. (Б қосымшасындағы мәліметтерге сүйену қажет). Студенттер арасынан сайланған сараптамашылар тобы ұсынылған жаңа құралдарды және тиісті техникалық құжаттарды (техникалық мәтіндерді) тексеріп, пікірлерін айтып бағалайды.

Студенттің № 7 өздік жұмысы

Тақырыбы: ғылыми-техникалық мәтіннің жоспары және тезистері.

Мақсаты: білім алушының ғылыми-техникалық мәтінге жоспар және тезистер жазу машықтарын жетілдіру.

Тапсырма: төменде берілген мәтінге: а) үш түрлі жоспар жазу; ә) тезистер жазу.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Мәтінді оқып түсініп мазмұнына қатысты бірнеше бөлікке бөлу керек. Әр бөліктің атауын нақтылау қажет. Жоспардың бірінші түрі атаулы сөйлемдерден, екінші түрі – сұраулы сөйлемдерден, үшінші түрі – тұжырымдардан тұрады. Жоспардағы атаулар мәтін атауын қайталамауы керек. Жоспардың атауы бір сөзбен берілмеуі керек. Жоспардың үшінші түрін толықтырып тезистер жазу қажет.

Электронды есептеуіш машиналардың шығу тарихы

Ғылым мен техника дамуына байланысты есептеу жұмыстарының қажеттілігі артып, оны жеңілдету үшін арнайы құралдар – абак, есепшот, арифмометр, арнаулы математикалық кестелер шығарыла бастады. Бірақ үстіміздегі ғасырдың 40-жылдарында, ядролық физиканың даму ерекшеліктеріне байланысты, қолмен есептеу істері көптеген материалдық ресурстарды және адамның тікелей араласуын талап ете бастады. Мысалы, «Манхеттен жобасын» (АҚШ-тағы атом бомбасын жасау) іске асыру кезінде есептеу жұмыстарына 600 адам қатысты, олардың бірсыпырасы тікелей есептеумен айналысып, қалғандары сол жұмыстың дұрыстығын тексеріп отырды.

XX ғасырдың ортасында ақпаратты өңдеуді автоматтандыру ісінің қажеттілігі (көбінесе әскери талаптарға сай) электрондық техника мен технологияның қарқынды дамуына себепші болды. Электроника табыстары нәтижесінде жасалынған техникалық аспап электрондық есептеуіш машиналар (ЭЕМ) деп атала бастады. 1946 жылы алғаш пайда болған ЭЕМ-дер электрондық шамдар негізінде жұмыс істейтін, үлкен залдарда орналасқан, көлемді электрондық жабдықтар болатын. Алайда 1948 жылдың өзінде-ақ электрондық шамдар шағын электрондық аспаптармен – транзисторлармен алмастырылып, компьютерлердің бұрынғы жұмыс өнімділігі сақталынғанмен, көлемі жүз есеге дейін төмендеді. 70-жылдар соңында интегралдық сұлбалардан немесе чиптерден жасалған мини-ЭЕМ-дер шыға бастады (транзисторлар мен олардың арасындағы қажетті байланыстар бір пластинада орналасқан). Осындай микропроцессорлардың (біріктірілген интегралдық сұлбадан – БИС элементтерінен тұратын) шығуы дербес компьютерлер заманының басталғанының алғашқы белгісі болды.

Алғашқы есептеу жұмыстарын автоматтандыруға арналған ЭЕМ-дер күннен күнге артып келе жатқан ақпарат ағынымен жұмыс істеуде өте ыңғайлы құрал болып шықты. Бастапқы кезеңдерде ЭЕМ-дерде тек арнайы үйретілген адамдар ғана жұмыс істеді, бірақ онша дайындығы жоқ

адамдардың компьютерді пайдалану мұқтаждығы маман еместерге арналған машина жасау қажеттілігін тудырды. 70-жылдар басында «тұрмыстық» (үйдегі) компьютерлер деп аталған микрокомпьютерлер шықты. Олардың мүмкіндіктері шектеулі болатын, тек ойнау үшін және шағын мәтіндер теру үшін ғана пайдаланылды. 70-жылдар ортасында тұрмыстық компьютерлердің етек алғаны сондай, оларды сусын шығаратын фирмалар да (Coca Cola) жасай бастады.

Дегенмен, микрокомпьютерлер дамуындағы ең елеулі оқиға болып 1981 жылы IBM фирмасы жасаған, кейіннен «дербес компьютер» деп аталған шағын компьютердің шығуы болды. Сол уақыттан бастап осы атау шағын компьютерлер тобының жалпы аты есебінде тұрақталып қалды. Адамзат баласы дамудың барлық тарихи кезеңдерінде есептеу жұмыстарын жүргізіп отыруға әрқашанда мұқтаж болды. Алғашқы кезеңдерде оған, аяқ-қол саусақтары секілді қарапайым құралдар жеткілікті болды. «Компьютер» сөзі «есептеуіш» мағынасын білдіреді яғни есептеуге арналған құрылғы.

1642 жылы Блез Паскаль механикалық түрде, сандарды қосатын, құрылғы ойлап тапты, ал 1673 жылы төрт арифметикалық амалдар орындайтын арифмометр жасалып шығарылды. Алғашқы компьютер 1946 жылы құрастырылған. Ал бірінші дербес компьютер 1970 жылы шықты . Ал біз жұмыс істеп күнделікті көріп жүрген компьютерлеріміз 1980 жылы шыққан «ЭППЛ-II» компьютері мен IBM PC компьютерлерінен бастау алады. Компьютерлердің тарихындағы әр түрлі кезеңдердегі түрлері және олардың айырмашылықтары жайында деректерді қарастырып өтеміз.

Бүгінгі таңда адамдар өмірін электронды есептеуіш машинасыз (ЭЕМ) елестету өте қиын. Көп ғасырлар бұрын адамдар әр түрлі есептерді шешетін құрылғылар болғандығын қалады. Жылдар өте ЭЕМ құралып, алға дами бастады. Шағын процессорлардың тарихы ең алғаш рет Intel фирмасы 1971 жылы бірінші i4004 микропроцессорын шығарғанда басталады. Оның мәлімет разрядтылығы 4 бит, ал адрестеу мүмкіншілігі 640 байт, тактілік жиілігі 108 кГц болған. Бір жылдан кейін оның 8-биттік «туысқаны» – i8008 шықты, адрестік жадысы болды. Ең алғашқы 16-разрядтық 8086 процессорын Intel фирмасы 1978 жылы шығарды. Жиілігі 5мГц, өнімділігі 0,33 MIPS (Mega Instructions Per Second) миллион нұсқау секундына (CPU – орталық процессордың жылдамдық шегі) шығарды. 32-разрядты процессор класстары 1985 жылы 80386 моделімен ашылды. Intel 404 бірінші типі 750 кГц жиілікте жұмыс істеді және 2300 транзистордан тұрды. Оның өнімділігі секундына 60 мың операциямен бағаланды. Бүгінгі таңда ең жақсы микропроцессор alpha 21264 микропроцессоры болып саналады. Ол 700 кГц жиілікте жұмыс істейді, 15.2 млн транзистордан тұрады. Секундына 2 млрд операция орындайды. Микропроцессор ең күрделі микроэлектрондық құрылғы. Оған ғылыми және инженерлік жаңалықтар, ең соңғы жетістіктер енгізіледі.

Студенттің № 8 өздік жұмысы

Тақырыбы: кілт сөздер, аңдатпа, түйіндеме.

Мақсаты: кілт сөздерді дұрыс тауып, аңдатпа мен түйіндеме жазуды меңгеру.

Тапсырма: төменде берілген мәтінге а) кілт сөздер жазу; ә) түйіндеме жазу; б) аңдатпа жазу.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Мәтінді оқып, түсініп алғаннан кейін қайталанатын және мәтіннің мазмұнын ашатын 5-6 сөзді немесе сөз тіркестерін тауып жазу қажет. Аңдатпа жазғанда мәтіннің библиографиялық сипатын (авторын, атауын, шыққан баспасын, жылын, беттерін т.с.с. мәліметтерді) көрсету қажет. Аңдатпаны жазуда *мәтінде қарастырылған.., ... мәселесі сөз болған, ... жіктелген, ... жүйеленген, автор ... деген қорытынды жасаған* сияқты тілдік оралымдар кеңінен қолданылады.

Электронды-есептеу машиналарының І-буыны

Есептеу машиналарының өсу тарихына көз жүгірткенде, ең алдымен электронды-есептеу машиналарының «буындары» деген ұғымға көңіл аудару қажет. Есептеу техникасының осы кезге дейінгі даму сатысында электронды-есептеу машиналарының бірнеше буыны ауысып үлгірді. Өйткені бір машинаның негізінде екінші машина, ал екінші машина негізінде үшінші, т. б. машиналар жетілдіріліп жасалынып жатады. Егер ЭВМ-нің барлық техникалық негіздері түгелдей ауысатын болса, онда біз жаңа сатыдағы машина дүниеге келді дейміз. Электронды-есептеу машиналарының бірінші буынына электрондық лампалар негізінде жасалған машиналар жатады.

Электрондық лампалы машиналардың қатарына 1950 жылдарда жасалған «Стрела», «Урал-1», «УраЛ-2», «Урал-4», «Минск-1», т. б. атауға болады. Ал АҚШ-та осы кездегі компьютерлер математик Дж. фон Нейманның есімімен тығыз байланысты. 1946 жылы Принстондағы қазіргі заманғы зерттеу институтындағы (Institute for Advansed Studies – IAS) фон Нейман және оның әріптестері IAS деп аталатын программасында есте сақтау қабілеті бар компьютерді ойлап табуға кіріскен болатын. Бұл компьютер 1952 жылы жасалып бітті. Жедел жады қондырғысында программаның командалары мен деректер сақталады. Арифметикалық және логикалық қондырғыда екілік есептеу жүйесінде келтірілген деректер өңделеді. Бағдарламаны орындауды басқаратын қондырғыда жадтағы сақталған командаларды талдап олардың орындалуын ұйымдастырады.

Енгізу-шығару жабдығында бағдарламаны орындауды басқаратын қондырғыдан келген сигналдарға сәйкес жұмыс істеледі. Бұлар көлемі жағынан өте үлкен (300 м2-қа дейін орын алатын), энергияны көп қажет ететін (30-150 кВ. А) және жұмыс атқару қабілеті нашар, тез қызатын

машиналар еді. Электронды-есептеу машиналарының алғашқы буыны негізінен электрондық лампалардан тұрады, машиналардағы лампалардың саны 4-5 мыңға, ал диодтар саны 5-6 мыңнан артық болатын. Амал орындау жылдамдықтары секундына 100-ден бастап 5-6 мыңға дейін жететін.

Студенттің № 9 өздік жұмысы

Тақырыбы: пікір және сын-пікірдің өзіндік жазылу ерекшеліктері.
Мақсаты: пікір және сын-пікір жазуды меңгеру.
Тапсырмалар.
1. Төменде берілген мәтінге пікір/сын-пікір жазу.
2. Жаңа құралға пікір/сын-пікір жазу.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Пікір, сын-пікір жазғанда мәтіннің жанры (курстық, дипломдық жұмыс, мақала, оқу құралы, оқулық, диссертация, монография) айқындалуы керек. Пікірде, сын-пікірде тақырыптың өзектілігі, қысқаша мазмұны, құрылымы қарастырылып, жұмыстың маңыздылығы мен құндылығы жайында нақты қорытынды жасалып баға берілуі қажет. Пікір, сын-пікір жазғанда *мақаланың тақырыбы өзекті, ...мәселелер кешенді түрде қарастырылған, еңбек... бөліктен тұрады, автордың тұжырымдары маңызды, жұмыстың құндылығы даусыз, алайда автордың ... деген көзқарасымен келісу қиын,* деген сияқты оралымдарды қолдану қажет. № 6 СӨЖ-дің тапсырмасы бойынша жаңадан жасалған құралға жеке немесе топтасып сараптама жасап сын-пікір жазу қажет.

Екінші буындағы электронды-есептеу машиналары

Екінші буындағы электронды-есептеу машиналары жартылай өткізгішті пайдаланып жасалған, олар транзисторлар мен диодтардан және т.б. тұрады. Бірінші буындағы машиналардың кемшіліктерін еске ала отырып, ғалымдар жартылай өткізгіштер негізінде машиналар ойлап шығарды. Яғни, электронды-есептеу машиналары бір негізден толығымен басқа негізге көшті. Сондықтан мұндай машиналарды екінші буындағы машиналардың қатарына жатқызуға болады. Осы кезге дейінгі жасалған есептеу машиналары әр бес жыл сайын бір буыннан екінші буынға ауысып отырды десек қателеспейміз. Екінші буындағы машиналардың қатарына төмендегідей жартылай өткізгішті (диодты, транзисторлы) машиналар жатады.

Бұл өзгерістің негізінде американдық Bell Labs фирмасының 1947 жылы жартылай өткізгішті транзисторларды ойлап табуы жатқан еді. Электронды-есептеу машиналарындағы лампаларды жартылай өткізгішті

транзисторлармен алмастырғаннан кейін олардың жұмыс атқару қабілеті едәуір артты. Егер лампалы машиналар бір секундта бірнеше мың ғана амал орындаса, ал жартылай өткізгішті машиналар секундына он, тіпті жүз мыңдаған амал орындайтын болды.

Мысалы, БЭСМ машинасының негізінде жетілдірілген екінші буындағы БЭСМ-4 машинасы бір секундта 20 мың амал орындайды, ал «Урал-11»—50 мың, «Минск-32»—65 мың, «Урал-14»— 100 мың, тіпті БЭСМ-6 секундына бір миллион амал орындай алатын болды. Олар тек жылдамдық жағынан ғана жетілдіріліп қоймай, машинаның есте сақтау құрылғыларының да сыйымдылығы жүздеген есе артты. Мысалы, электронды-есептеу машинасы «Урал-11»-дің ішкі есіне — 65 мың сан, АҚШ-тың «Стреч» машинасы — 260 мың, «Урал-14»—500 мың сан сыйғызуға болады. Сонымен бірге бірінші буындағы машиналарға қарағанда, екінші буындағы машиналарға электр қуаты аз жұмсалады, әрі қызмет ететін инженерлердің саны да оған қарағанда азайды.

Бірінші буындағы машиналарды орналастыруға 200—300 шаршы метр алаң қажет болса, екінші буындағы машиналар үшін 30—40 шаршы метр алаң жетіп жатыр. Бұл кезеңдегі мини-компьютерлерді шығарушы жаңа DEC корпорациясы 1957 жылы нарыққа PDP-1 компьютерін шығарды.

Студенттің № 10 өздік жұмысы

Тақырыбы: реферат жазу.

Мақсаты: реферат жазуды меңгеру.

Тапсырмалар.

1. № 4 СӨЖ тапсырмасында берілген мәтінге («Алғашқы компьютерлер») реферат-конспект жазу.

2. «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында шолу реферат жазу.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

СӨЖ тапсырмасын орындау үшін білім алушы төмендегі «Реферат жазуға арналған әдістемелік нұсқауларға» назар аударуы қажет.

Реферат жазуға арналған әдістемелік нұсқаулар.

Реферат дегеніміз бір немесе бірнеше ақпарат көздерінен құралған белгілі тақырыпқа жазылған жазбаша немесе ауызша баяндама. Рефераттарда ғылыми жұмыс, көркем шығармалар мазмұндалуы мүмкін. Рефераттардың екі түрі болады: *өнімді* және *өнімсіз*. Өнімсіз рефераттар мәтіннің бастапқы мазмұнын баяндайды. Өнімді рефераттарда зерттелу объектісіне шығармашылық немесе сыни мән беру басым болады. Өнімсіз рефераттардың өзі екі түрге бөлінеді: реферат-конспект және реферат-резюме (түйіндеме). Реферат-конспект иллюстрациялық материалдардан, әртүрлі зерттеу әдістері туралы мәлімдемелерден, зерттеу нәтижелері мен оларды

қолдану мүмкіндігі жайлы жалпы нақты ақпараттан тұрады. Реферат-резюме берілген тақырыптың тек қана басты негізгі ережелерінен тұрады.

Өнімді реферат деп реферат-баяндаманы және реферат-шолуды айтамыз. Реферат-шолу зерттелетін тақырып бойынша әртүрлі көзқарастар мен бірнеше түпнұсқа әдебиеттерден тұрады. Реферат-баяндамада түпнұсқа ақпараттарын талдаумен қатар мәселеге шынайы бағалау беріледі. Бұл рефераттар толық ашылған болып табылады.

Реферат-шолу – бұл студенттің белгілі бір тақырыптағы жазбаша жұмысы. Рефератты жазу барысында студент берілген тақырып бойынша барлық әдебиеттерді жинақтап, талдау жасап ғылыми материалдарды жүйеге келтіру керек.

Рефераттың құрылымы:

- мұқабалық бет;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- қолданылған әдебиеттер тізімі.

Рефераттың компьютерде терілген көлемі шамамен 10-14 бет болуы керек.

Рефераттың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, тарихнамалық шолу, зерттеудің міндеті мен мақсаты, тәжірибелік мәні көрсетілуі керек (кіріспенің көлемі 2-3 бет болуы керек).

2) Негізгі бөлімде зерттеліп отырған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттер талданады. Негізгі бөлімнің материалдары тарауларға бөлінуі керек. Әр тараудың атауы болады және ол негізгі бөлімнің тарауының мазмұнын ашуы керек (негізгі бөлімнің көлемі 4-5 бет болуы керек).

3) Қорытынды қысқа түрде берілген зерттеудің нәтижесі мен нақты қорытындылардан тұрады (2-3 бет болуы керек) .

4) Әдебиеттер тізімі келесі критерийлер бойынша ресімделеді:

- алфавиттік тәртіп бойынша;
- тақырыптық-хронологиялық;
- деректемелердің түрі бойынша.

Қосымшаға зерттеу кезінде қолданылған көмекші материалдар кіреді: статистикалық есептер, суреттер, сұлбалар, кестелер, құжаттардың көшірмесі.

Рефератты рәсімдеу тәртібі.

Рефераттың тақырыбы және мәтіні 1 интервал арқылы компьютерде теріліп,келесі қашықтықтар сақталуы керек: сол жағынан -30 мм, астынан - 20 мм, үстінен - 20 мм, оң жағынан -15 мм. Қарпі 14 кегль.

Студенттің № 11 өздік жұмысы

Тақырыбы: ғылыми сөздің диалогтік түрі. Диалог және оның ерекшелігі туралы түсінік.

Мақсаты: ғылыми диалог жүргізу машықтарын қалыптастыру.

Тапсырма: «Ғалыммен сұхбат» рөлдік ойынға қатысу.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Жұмыс жұптық түрде орындалады. Есептеу техникасы саласындағы белгілі ғалым жайында ақпарат жинап диалог құрастыру қажет. Табылған мәліметтерге сүйене отырып студенттер диалог (ғалымнан алынған сұхбат) құрастырып ауызша сахналап береді. Диалог көлемі 2-3 бет, орындалу уақыты – 5 минут.

Студенттің № 12 өздік жұмысы

Тақырыбы: ғылыми полилог және оның ерекшелігі.

Мақсаты: ғылыми полилог жүргізу машықтарын қалыптастыру.

Тапсырма: «Компьютерлік техниканың дамуы: кеше, бүгін, ертең» тақырыбында дөңг елек үстел өткізу.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Білім алушылар «Компьютерлік техниканың дамуы: кеше, бүгін, ертең» тақырыбы аясында ғылыми әдебиеттерге шолу жасап көтерілетін мәселеге қатысты өз тұжырымдарын қалыптастыруы қажет. «Компьютерлік техниканың дамуы: кеше, бүгін, ертең» тақырыбы бойынша айтылымды жазбаша рәсімдеп дөңгелек үстелде ауызша қорғауы тиіс.

Білім алушының сөзі дөңгелек үстел тақырыбы бойынша жеке әсері мен ой толғанысын бейнелейді. Айтылымды жазудың мақсаты - студенттің өз бетінше ойлау дағдысын жетілдіру. Ауызша айтатын сөзді алдын-ала жазу пайдалы, себебі ол білім алушының өз ойын нақты және сауатты тұжырымдауына көмектеседі. Айтылым дөңгелек үстелде қойылған мәселенің нақты мазмұнын көрсетеді. Онда өз бетінше жүргізілген талдаулар жазылуы тиіс. Білім алушының мақсаты ғылыми мәселеге қатысты өз ойын білдірумен қатар тыңдарманды ой толғауға итермелеу. Сол себепті студенттердің талқыланатын ғылыми мәселе төңірегінде сұрақтар қоюы орынды.

Жазбаша жұмыстың құрылымы.

1. Бірінші бетте жұмыстың тақырыбы, мақсаты, міндеті (осы әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес) көрсетіледі.

2. Кіріспеде берілген тақырып негізделеді, ол логикалық және стилистикалық байланысқан компоненттер қатарынан тұрады. Бұл кезеңде

талқыланатын тақырыпқа қойылатын сұрақты дұрыс қою керек. «*Дөңгелек үстел тақырыбына анықтама беру керек пе?*», «*Дөңгелек үстел тақырыбы неліктен маңызды?*», «*Менің тұжырымдауымда қандай түсініктер қолданылуы мүмкін?*», «*Мен тақырыпты кішкене тақырыпшаларға бөле аламын ба?*», т.с.с. сұрақтарға жауап іздеген жөн.

3. Негізгі бөлімде тақырыптың теориялық негізі мен сұрақтың мазмұны жазылады. Сондықтан негізгі бөлімді шағын тақырыпшаларға бөлуге болады. Әрбір тақырыпшаны дәйекті түрде тұжырымдау негізгі сұраққа жауап беруге көмектеседі. Берілген тақырыптағы дәйектер мен талдаулар, әртүрлі көзқарастарды көрсету арқылы негізгі бөлімді толық жазуға мүмкіндік туады. Дөңгелек үстел тақырыбына байланысты талдау жүргізу үшін мынадай категорияларды ескеру керек: *себеп - салдар, жалпы - айрықша, форма - мазмұн, бөлік - тұтас, тұрақты - өзгермелі*. Тақырыпшаларды тиімді пайдалану тақырыпты ашудағы логикалық ойды байқауға көмектеседі.

4. Қорытынды – жалпыланған және аргументі бар, қолдану аймағы көрсетілген және т.б.түрде болуы мүмкін. Айтылымның қорытынды бөлімінде негізгі бөлімде қарастырылған сұрақтың мәнін бекітеді және мазмұнының маңыздылығын ашады. Қорытынды бөлімде қолданылатын әдістер: қайталау, иллюстрация (мысал), дәйексөз, мақал-мәтел, афоризм, әсер беретін тұжырым.

5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде білім алушы өз ойларын дәлелдеу үшін қолданған дереккөздерді (оқулықтар, ғылыми еңбектер, көркем туындылар, қазақ тіліндегі газеттер мен интернет қорларындағы материалдар) келтіреді.

Жұмыс көлемі А4 форматындағы 5 беттен кем болмауы қажет. Әдістемелік нұсқаудың кіріспе бөліміндегі студенттің өздік жұмысын рәсімдеуге қойылатын талаптар толық орындалуы қажет.

Білім алушы пікірін сауатты жеткізу үшін *дәлелдеу аппаратының құрылымын* жақсы білуі керек.

Дәлелдеу аппаратының құрылымы.

Дәлелдеу - белгілі бір тұжырымға негізделген және оған байланысты шын мәніндегі тұжырымды анықтау үшін қолданатын логикалық тәсілдер жиынтығы. Ол сенім-наныммен байланысты, бірақ онымен тең емес: аргументтеу (дәйектеу) немесе дәлелдеу ғылымға және қоғамдық-тарихи тәжірибеге сүйенеді. Сенім-жорамал, ол нақты дәлелденбеген білімге негізделеді.

Дәлелдеудің құрылымына 3 құраушы бөліктері енеді. Олар: тезис, аргумент, қорытынды.

Тезис - дәлелденуге тиісті жағдай.

Аргументтер (дәйектер, дәлелдер) - тезистің анық шын екендігін дәлелдеу үшін қолданылатын категория.

Қорытынды - фактілерді талдауға негізделген ой түйін. *Бағалаушы тұжырым* - біздің сенімімізге, нанымымызға және көзқарасымызға негізделген.

Аргументтер бірнеше топқа бөлінеді:

Тексерілген фактілер (деректер) - нақты материал. Фактілер - тенденцияны анықтайтын қор.

Анықтамалар тезиспен байланысты түсініктің аргументі ретінде қолданылады.

Ғылым заңдары дәлелдеу аргументі ретінде қолданылады.

Тезистер мен аргументтердің логикалық сабақтасып тұруы үшін олардың өзара байланысу тәсілдерін білу қажет. Аргументтің тура, қосымша, айрықша деген түрлері болады. Яғни, тезис пен аргумент тура, қосымша, айрықша аргументтер арқылы байланысуы мүмкін. Тура аргументте тезистің шындығы аргументтен анық көрініп тұрады. Индукция, дедукция, аналогия, себеп-салдар байланыстары арқылы тура дәлелдеу әдістерін қолдануға болады.

Дәлелдеу әдістері.

Индукция - фактілерге негізделген қорытынды. Тұжырымдау барысында біз жекеден жалпыға, жобалап-шамалаудан бекітуге қарай қозғаламыз. Индукцияның жалпы ережесі бойынша: неғұрлым фактілер көп болса, соғұрлым ол дәлелді.

Дедукция - жалпыдан жекеге бағытталған үрдіс. Онда қорытынды екі алғы шарттан тұруы мүмкін, оның біреуі көбірек жалпылық қасиетке ие. Мысалы, өз алдына нақты мақсат қойған адамдар түбі бір үлкен нәтижеге жетеді. Сондай адамдардың бірі –А. Линкольн.

Аналогия - салыстыру арқылы жететін тұжырымдау тәсілі. Аналогия бойынша А және Б заттары бірнеше бағыттары бойынша ұқсас болса, онда олардың қасиеттері де ұқсас болуы тиіс.

Себеп-салдарлы аргументтеу - қандай да бір құбылысты түсіндіру арқылы аргумент жасау.

Фактіде берілген заттарға және басқа көздерге қойылатын талаптар.

Дөңгелек үстелде айтатын сөзді алдын-ала дайындап жазғанда қолданылатын материалдардың аргументтері мен тұжырымдарындағы нақты уақыт пен орынның талқыланатын мәселеге сәйкестігі анықталады. Екі ұшты пікір туғызатын сұрақтар сенімсіздік туғызатындығын ұмытпаған жөн. Білім алушы келтірілген материалдың маңызын түсінуі қажет. Оның өзі оқымаған жұмыстарға сүйенуіне болмайды.

Аналогия - алғашқы түсінікті тауып алу және құрастыру. Элемент маңыздылығының байланысын анықтау.

Ассоциация - заттар мен құбылыстардың өзара байланысын шын мәнінде жүйкелік-психикалық құбылыстарға сай беру. «Адам басына бірінші келген ойды беру».

Алғашқы бекіту - ешқандай дәлелдемелерге негізделмеген бекіту.

Ой толғау - пікір айту және ой құрастыру.

Аргументтеу - сөйлеушінің көзқарасын, ұстанымының дұрыстығын дәлелдейтін өзара байланысқан ой толғаулар қатары.

Толғау - «Мына нәрсе қаншалықты шындыққа жақын?» - деген сұраққа жауап беретін фраза.

Тұжырым жасау - қорытынды ойдың абсолютті түрде дұрыстығын немесе қандай да бір мөлшерде дұрыстығын дәлелдеу.

Әдетте, дөңгелек үстелге дайындалу барысында студент интернет қорын, ғылыми еңбектерді, мерзімді баспасөз материалдарын, әдеби шығармаларды, сөздіктерді, анықтамалықтарды т.б. дереккөздерді, сондай-ақ өз жеке тәжірибесінен мысалдарды қолданады. Айтылым мәтінінің сапасы төрт негізгі компоненттен тұрады: ойдың ашықтығы, түсініктілігі, сауаттылығы, сәйкестігі. Студент айтқысы келетін идеяны анық және нақты жеткізуі керек. Ой - жазылғанның мазмұны.

Түсініктілікке жету үшін тақырыпты ашатын логикалық байланысы бар сабақтасып келген сөздерді, сөз тіркестерін, өзара байланысқан абзацтарды қолдану керек.

Жазбаша жұмыс сауаттылығы - грамматикалық және стильдік нормаларды сақтау.

Студенттер дөңгелек үстел тақырыбы бойынша мәселені шешу жолдарын жазғанда төмендегідей бағыттарда ой қорытуы керек:

- мәселені айқындау (сипаттау);
- мәселенің себептерін анықтау;
- мәселені шешу жолдарын көрсету;
- дәлелдер келтіру (негіздеу) – мәселені мұндай жолмен шешудің пайдасы мен артықшылықтарын сипаттау.

Бұл жұмысты төмендегідей кесте көмегімен орындауға да болады.

Кесте 2 - Мәселені шешу жолдары

Мәселені сипаттау	
Себептері	
Шешу жолдары	
Негіздеу	

Білім алушы дөңгелек үстелге қатысу барысында өз ойын дәлелдейді. Әдетте, дөңгелек үстел талқыланатын ғылыми мәселе ауқымында іс-тәжірибесі бар студенттердің қатысуымен өткізіледі, өйткені мұнда жедел шешімді талап ететін өзекті мәселелер қарастырылады. Ал мұндай жұмыс

студенттерден өз көзқарастарын жан-жақты нақтылап, дәлелдей білуді қажет етеді. Өз ұстанымдарын қорғау арқылы студенттер тақырып мазмұны мен оның негізгі мәселелерін игереді. Алайда өздік жұмысты барлық білім алушы орындауға міндетті. Сол себепті дөңгелек үстелге қатысқан барлық білім алушы жазбаша жұмысын ауызша қорғауы керек.

Студенттер дөңгелек үстел ұйымдастыруға қатысты мәліметтермен (мақсаты, міндеті, қағидалары, кезеңдері т.б.) алдын-ала В қосымшасындағы Дөңгелек үстел ұйымдастыру туралы мәліметтермен танысып іскерлік ойын сабағына қатысуы керек.

Студенттің № 13 өздік жұмысы

Тақырыбы: сипаттау, пайымдау мәтіндері туралы түсінік.

Мақсаты: сипаттау және пайымдау мәтіндерін ажырата білу.

Тапсырма: мамандыққа қатысты сипаттау және пайымдау мәтіндерін тауып олардың тілдік ерекшеліктерін анықтау.

Әдістемелік ұсыныстар мен талаптар.

Мамандық бойынша қазақ тіліндегі оқулықтан 1 сипаттау және 1 пайымдау мәтінін (көлемі 1 бет) таңдап алып оларға талдау жасау (тілдік ерекшеліктерін) қажет. СӨЖ жазбаша түрде тапсырылады.

А қосымшасы

Таныстырылым.

Білім алушы СӨЖ-ді таныстырылым арқылы ауызша қорғайды. Бірінші кезекте студент оқытушымен бірге таныстырылымның регламентін талқылап, нақтылап алуы тиіс. Әдетте, оқу таныстырылымы ұзақ болмайды. Студент *таныстырылым (презентация)* ұғымына қатысты мәліметтерді терең түсінуі керек (таныстырылымның мағынасы, мақсаты, түрлері, құрылымы т.б.).

Таныстырылым (лат. тілінен praesento – таныстыру) – бір нәрсені (ұйымды, мекемені, өнімді т.с.с.) таныстыруға арналған құжат немесе құжаттар топтамасы. Таныстырылымның мақсаты – тыңдаушыларды нысанмен (бұл жерде Қазақстанның қаласымен) толыққанды ақпарат беру арқылы таныстыру. Таныстырылым маркетингтік және PR құралдарының бірі болып саналады. Маркетинг терминдерінің сөздігінде *таныстырылымға* «көрнекі образдарды пайдаланып, мақсатты аудиторияға негізгі идеялар мен мәліметтерді жеткізуге бағытталған баяндама», - деген анықтама берілген. Таныстырылымның мақсаты - тыңдаушыларға ақпаратты жеткізу арқылы оларды белгілі бір әрекетті іске асыруға итермелеу.

Таныстырылымды шартты түрде үш топқа бөледі:

- баяндамашы жүргізетін таныстырылым;
- автоматты түрде көрсетілетін таныстырылым (мысалы, үлкен экранда тоқтаусыз айналып тұратын ролик);
- көрермен өзі басқаратын таныстырылым (мысалы, көрермен өзі түймені басу арқылы слайдтарды ретімен ауыстырып отыратын компьютердегі таныстырылым).

Баяндамашы (студент) төмендегі жұмыстарды орындауы тиіс:

- таныстырылымның мақсатын барынша нақты анықтау;
- тыңдаушыларға қалайша әсер етіп, қандай ойға бағыттау керектігін нақтылау;
- баяндамашының пікірінше тыңдаушылардың есінде қалуы тиіс негізгі кілт сөйлемді анықтау;
- тыңдаушыларға басқаша емес, тек қана көрнекі түрде ғана жеткізілетін мәліметтерді іріктеп алу;
- слайд жасау;
- таныстырылым өткізуге алдын-ала дайындық жасап алу.

Таныстырылым мәтіндердің, гипермәтіндік сілтемелердің, компьютерлік анимациялардың, кестелердің, видео, музыка, дыбыстық тізбектердің (барлығы болуы шарт емес) біріккен құрылымы деуге болады. Сонымен қоса таныстырылымның құрылымы тыңдарманның ақпаратты ыңғайлы қабылдауына негізделеді. Таныстырылымның басты ерекшелігі – оның интербелсенділігі. Сөйлеуші таныстырылым арқылы тыңдармандардың қызығушылығын тудыруға тырысады. Бірінші кезекте, ақпарат беруші

аудиторияға сөйлеу шеберлігімен әсер етеді. Сол себепті айтылатын сөз алдын-ала дайындалады. (Білім алушы айтылымды жазбаша өздік жұмыс түрінде дайындайды). Алайда сөйлеуші ақпаратты оқып бермей, еркін баяндауы қажет. Білім алушы жұрт алдында айтылатын ауызша сөздің жазба сөзге қарағанда құрылысы жағынан ықшам келетіндігі, қаратпа, қыстырма, одағай сөздердің жиі қолданылатындығын есте сақтауы қажет.

Таныстырылымның сөзін төмендегідей *әдістер* арқылы дайындау қажет:

- *қысқаша жеткізу әдісі* (айтылым берілген уқыт шеңберінде негізгі тақырыпты ашуға бағытталады);
- *реттілік әдісі* (айтылымның бөліктері бір-бірімен өзара байланысып, жалпы тақырып аясынан шықпауы қажет);
- *мақсаттылық әдісі* (айтылымның көздеген бір мақсаты болуы қажет);
- *күшейту әдісі* (тыңдарманға қатты әсер ету үшін сөз мағынасы және дауыс арқылы айтылымды әсірелеу қажет);
- *нәтижелілік әдісі* (қорытынды ой, ұсыныс, насихат айтылуы қажет).

Таныстырылым сөзінің құрылымы:

- *Кіріспе сөз* (аудиторияны айтылымның тақырыбымен және мақсатымен таныстыру);
- *Негізгі бөлім* (таныстырылатын нысан бойынша жан-жақты мәлімет беріледі);
- *Қорытынды* (таныстырылымның мақсаты еске салынып, айтылған ақпарат бойынша тұжырым жасау, қажетінше тыңдаушыларға ой салу).

Таныстырушының сөзінде логикалық жүйелілік болуы тиіс. Ол жүйеліліктің төмендегідей құрылымға сәйкес болғаны дұрыс:

Мәселе - >тақырып -> тезис (ұстаным) ->дәйектер

Интербелсенді түрдегі таныстырылым әрбір тыңдаушының назарын аударатындай болуы қажет. Ол үшін таныстырылымды дайындаушы студент «*Мен аудиторияның назарын қалай аударамын?*», «*Мен тыңдаушылардың ойын қалай өзгерте аламын?*», «*Аудиторияның есінде не қалуы керек?*», «*Мен аудиторияға қандай сұрақтар қойып қызықтыруыма болады?*» т.б. мәселелер төңірегінде ойлануы қажет.

Таныстырылым жасаған білім алушының *тіл мәдениетіне мынадай талаптар қойылады:*

- сөздің жүйелі, анық, түсінікті болуы;
- сөздің тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай дұрыс құрылуы;
- сөздердің бейнелі, көркем, эмоциялы болуы;
- сөздердің тыңдаушы немесе білім алушы жағдайына, ортаның қажеттілігіне сай болуы.

Баяндамашы студент төменде көрсетілген ережелерді сақтауы шарт:

- сөйлегенде тілдегі дыбыстарды дұрыс, анық айту;
- сөйлеу әуені, қарқыны, дауыс күші мен кідірісті сақтау;

- екпіннің түсуін, үндестік заңын сақтау;
- дұрыс айтып, сөздердің тізбегін табиғи заңдылықтарымен дыбыстау;
- сөйлегенде сөз тұлғаларын, түрленуін сақтау, қосымша, көмекші сөздерді дұрыс, өз орнында қолдану;
- сөйлемдердің, әсіресе, күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыру;
- керекті сөзді сөздік құрамның ішінен іріктеп, әдеби вариантын қолдану, тілімізге ретсіз енген, баламасы бар кірме сөздерді, жергілікті тілге тән диалектілерді, жаргон сөздерді қолданудан қашық болып, реттеп отыру;
- тілдегі ауызекі, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем-поэзиялық, ғылыми стильдердің әрқайсысының ерекшелігін сақтап отыру;
- сөйлеу әдебін сақтау;
- тілдегі көркемдік құралдар, тіл байлығын, оның мүмкіндіктерін пайдалану;
- сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қатысты халықтың ұлттық ерекшеліктерін сақтау;
- сөйлегенде ойдың көлемі, мазмұндық құрылымы, хабарды жеткізу жүйесін реттеу.

Білім алушы *тіл мәдениетінің мынадай көрсеткіштеріне* назар аударуы қажет:
- тілдің тазалығы;
- тілдің дәлдігі;
- тілдің анықтылығы;
- тілдің ойлылығы;
- тілдің орындылығы;
- тілдің мәнерлілігі;
- тілдің байлығы;
- тілдің әсерлілігі;
- тілдің жүйелілігі;
- тілдің түсініктілігі;
- тілдің мазмұндылығы;
- тілдің нақтылығы;
- тілдің дұрыстығы;
- тілдің тілдік нормаға сай болуы;
- тілдің мағыналылығы;
- тілдің әдебі.

Егер осы айтылған көрсеткіштер білім алушының бойында дамып, жетілсе, онда осы студенттің тіл мәдениеті жоғары деп санауға болады. Сондықтан білім алушылар № 2 СӨЖ тапсырмасын орындағанда тіл мәдениетінің көрсеткіштері мен талаптарын үнемі басшылыққа алып отырулары керек.

Студент-баяндамашы есте ұстауы тиіс:

1) Айтайын деген ойдың ең маңыздысын бастапқы кезде айтып, оны таныстырылымның соңында қайталаған дұрыс.

2) Нақты мақсатты белгілеп алу оңай емес. Мақсатты нақтылау үшін жалпыдан жалқыға қарай жүру керек. (*Менің таныстырылымды жасау себебім...*). Ары қарай мақсатты анықтау барысында «*Мен...мәселеге қатысты барлық мәліметті жинадым немесе ұсынамын...*» деуден аулақ болу керек. (Мысалы: «*Мен сіздерге Ақтау қаласы туралы барлық мәліметті ұсынамын...*»). Таныстырылымның барлығын қамтуының қажеті жоқ. Ондай таныстырылым жасауға ұмтылу да керек емес.

3) Баяндамашы аудиторияның есінде қалдырғысы келген ой (пікір) алдын ала дайындалған жағдайда ол таныстырылымның құрылымын дұрыс қалыптастырып, әрбір слайдты тиімді толтыруға көмектеседі.

4) Дұрыс таңдап алынған кілт сөз таныстырылымның өзегі бола алады. Ол дегеніміз мақсаттың, ойдың, әсердің материалдық көрінісі. Кілт сөз барынша қысқа және терең болғаны жақсы. Баяндамада міндетті түрде кілт сөз болуы қажет және ол сонымен қатар аудитория үшін өзекті болуы тиіс. Мүмкін, біз кілт сөзді баяндаманың соңында айтылуы тиіс қорытынды сөз деп көз алдымызға елестетсек, оны табу оңай болуы мүмкін. Кілт сөз баяндама барысында бірнеше рет қайталануы керек. Баяндаманың басында және соңында міндетті түрде қайталанады.

Көрнекі құралдар

Заманауи тыңдаушы тек әсерлі сөзге қанағат етпейді. Оған айтылған сөздің көрнекі дәлелі керек. Сол себепті білім алушы тек сөз сөйлеумен шектелмей, мультимедиялық құралдар арқылы ойларын дәлелдейді. Сонымен қоса, слайд тізбегінің таныстырылым емес екенін есте сақтау қажет. Яғни слайдтар - таныстырылым үшін көмекші көрнекі құрал ғана. Таныстырылымды слайд жасаудан бастамау керек. Айтылым дайын болған соң ғана студент мультимедиялық құралдарға жүгінеді. Тым көп слайдтың қажеті жоқ. (9-11 слайд жеткілікті). Слайд түріндегі мәліметті тек қажетті жағдайда беру керек. Мысалы, жұмыс тақырыбын, кесте мен диаграммаларды, айтылымның негізгі идеясын (кілт сөйлем), аудиторияның назары әлсіреген кезде (таныстырылымның орта жерінде) т.б. жағдайларда слайд көрсетуге болады.

Көрнекі құралдар таныстырылымның мақсаты емес, ол тек құрал ғана.

Таныстырылым барысында қолданылатын көрнекі құралдардың түрлері көп (тақта, плакат, проектор және т.б.). Осылардың ішінде ең танымалы компьютердегі слайдтарды экранда көрсетуге арналған проектор.

Қазіргі кездегі слайдтар жасайтын компьютерлік бағдарламалардың әсер тудыру күші өте көп. Слайдтар жасауға арналған арнайы жобаның бірі (MS Power Point). Таныстырылымды тек қана слайдтарды көрсету мақсатымен жасауға болмайды. Слайдтарды көрсете бастаған сәттен бастап

баяндамашы олардың реті мен құрылымына еріксіз ілесіп отыруға мәжбүр. Кез келген шегініс, кездейсоқ қойылған сұрақ баяндаманы түсінуді қиындатып жіберуі мүмкін. Таныстырылым барысында проектордың немесе компьютердің істен шығып қалуы әбден мүмкін. Осындай сәтте тек қана слайдтарға сүйенген баяндамашының сөзін ары қарай жалғастыруға мүмкіншілігі қалмайды.

«Мың рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген сөзде шындық бар. Бейнекөріністің жақсы есте қалумен қатар, әсер ету күші де сөзге қарағанда көп артық. Дегенмен баяндамашы «Нені көруге тиіпіз?», «Нені есте сақтауымыз керек?» деген сұрақтарға ойлана қарау керек. Егер бейнекөрініс өте тартымды болса көрермен дүниедегінің бәрін ұмытып тек қана соны қызықтап кетеді. Ал егер ол сонымен қос анимацияланған болса, онда оның әсер ету күші бірнеше есеге ұлғая түседі. Мұндай бейне көрініс міндетті түрде аудиторяның есінде қалады. Бірақ тыңдаушылардың есінде тек қана *осы* бейнекөріністі қалдыру таныстырылымның мақсаты емес екені анық.

Слайдты дұрыс құрастыру соншалықты оңай емес. Экраннан слайдты қарап отырған аудитория баяндамшының бар екенін ұмытып кетпеуі тиіс. Таныстырылымның өзегі слайдтарды өзінің ретімен көрсету болған кезде, оларды көрсету техникасы барынша зор маңызға ие болады. Слайдтар өз бетінше баяндамашыдан бөлініп кетпеуі тиіс: баяндамашы-бөлек, слайдтар - бөлек.

Білім алушылар төмендегілерге мән берген дұрыс:

1) Аудитория таныстырылымның басы мен соңына барынша мән береді. Осы жағдайды тиімді пайдаланып, ең маңызды мәліметтерді көрсетуге тырысу қажет. Яғни, таныстырылымдағы ең басты ой бірден айтылып, кілт сөздер көрсетілуі керек. Көрермендерді диалогқа тартуға мүмкіндік беретін шағын аудиторияда таныстырылымның ең маңызды сәттері жинақталған слайдтар ең соңынан көрсетілетін слайдтар болуы мүмкін (әрине, олар онша көп балмауы керек). Осындай слайд баяндаманы қайтадан толық шолып шығуға мүмкіндік берумен қатар, сұрақтарды қалыптастыруды жеңілдетеді.

2) Таныстырылымдағы әрбір слайдтың қолданылуы өзін-өзі ақтайтындай болуы тиіс. Әрбір слайдты жеке таныстырылым ретінде қарастыруға болады. Сол себепті әрбір жеке слайдтың мақсатын нақты анықтап алуға да болады. Ол баяндамашының негізгі нәрселерге мән беріп, слайдты қажетсіз мәліметтермен толтырып жібермеуіне көмектеседі. Слайдтың әрбір элементін барынша қарапайым түрде жасаған дұрыс. Көрермен слайдтың әрбір элементін өзінің дүниетанымымен, көрген білгенімен сәйкестендіріп, мағынасын түсінуге барынша аз уақыт жұмсаса, соншалықты жақсы. Барынша әдемі жасауға тырысу көп жағдайда қабылдауды қиындата түседі.

3) Слайдтағы элементтер санын барынша азайтуға тырысу қажет. Дұрысы слайдта ең маңызды бір ғана элемент болғаны дұрыс. Ең маңызды

мағыналық салмақ соған түсуі керек. Егер слайдқа басқа элементтерді қосатын болсаңыз, ол неізгі элементке тікелей бағынышты болуы керек. көлемі нееізгіден шағын, солғындау т.с.с. Адамның назары алдымен слайдтағы ең негізгі элементке түседі. Сонымен қоса адамның назары табиғи түрде солдан оңға, жоғарыдан төмен қарай жылжиды. Слайдтағы элементтер де осындай тәртіппен орналастырылады.

4) Слайдтағы мәтіндерді пайдалану тәртібін сақтау қажет. Әдетте, дыбысталған мәліметті адамдар шамамен бірдей жылдамдықпен қабылдайды, ал оқыған кезде әркімнің жылдамдығы әр түрлі. Экрандағы үлкен көлемді мәтін аудиторияның бір-біріне қарсы екі топқа бөлінуіне алып келеді. Біреулері оқып үлгергендер, екіншісі үлгермегендер. Онымен қоса өзінің ойын жеткізуге барынша тырысатын баяндамашы аудиторияда қалыптасқан жағдайды одан сайын күрделендіре түседі. Баяндамашы өзі сөзбен жеткізуге болатын мәтінді толығымен слайдқа енгізудің қажеті жоқ. Үлкен мәтінді оқып шығу өте қиын, ал оны есте сақтаудың мүмкіндігі жоққа тән. Сөйлемдерді барынша қысқарту қажет. Мәтіннің оқылуын барынша жеңілдету қажет яғни, мәтінді құрастырғанда оны көрермендердің жеңіл, тез қабылдауын қамтамасыз ету керек.

4) Мәтінді рәсімдеу қағидаларын білу керек. Мәтінді слайдтағы қосымша фонға барынша қарама-қарсы, егер фон болмаса мүмкіндігінше айқын жасау қажет. Мысалы, ашық фондағы қара (қара көк) түсті мәтін. Барлық мәтінді бас әріптермен жазуға болмайды. Ересек адам жеке әріптерді оқымайды, ол сөзді тұтастай «таниды». Тек қана бас әріптермен жазылған сөйлем өзінің жекелік қасиетін жоғалтып, басқа сөйлемдермен араласып кетеді. Тақырыптар мен атаулар қара түсті әріптермен жазылуы тиіс. Әдетте бас әріптерді кіші әріптерге қарағанда қабылдау қиын. Сол себепті оларды тек қана қысқа тақырыптарды жазу үшін қолдану ұсынылады. Бір слайдтағы сөйлем жеті сөзден, бес жолдан аспауы тиіс. Егер слайдта әр түрлі түстер қолданылатын болса, олардың саны үштен аспауы тиіс. Сызбаның (сұлбаның), диаграммалардың элементтерін бір-бірінен түстері бойынша ажыралатындай етіп орналастыру қажет болған жағдайда екі түсті пайдалану жеткілікті. Слайдтардың жасалу стилін де назардан тыс қалдырмау қажет. Егер слайдта белгілі бір түс пайдаланылған болса, осы түсті қалған барлық слайдта қолдану тиіс.

5) Қаріптермен эксперимент жасаудың қажеті жоқ. Қаріп - дизайнның күрделі элементі. Қаріпті дұрыс пайдалана алмағандықтан слайдты бүлдіріп алу ең оңай нәрсе. Мұндай жағдай туындамас үшін тек қана екі қаріпті (*Arial* и *Times New Roman)* пайдалану жеткілікті. Бұл қаріптерді Windows бағдарламасы орнатылған кез келген компьютерден оңай тауып алуға болады, сонымен қатар олар, слайдтарды бір компьютерден екіншісіне көшіргенде туындайтын қиындықтардан да құтқарады.

6) Сөйлемдегі кілт сөздерді қою түсті қаріппен немесе басқа, барынша ерешеленіп тұратын түспен жазу қажет. Көлбеу және асты сызылған қаріптерден барынша аулақ болуға тырысу қажет.

7) Ірі қаріптермен жазған дұрыс. Мәтін ең соңғы қатардан оқылатындай болуы тиіс. Бірақ жол арасы аз, тығыз терілген мәтіннің қаріптері ірі болса да оқығанда қиындық тудырады. Дұрысы, одан да кішірек қаріппен жазып, сөздердің жол аралығын барынша үлкейту қажет.

8) Өте қажет болмаса слайдта анимацияны қолданудың қажеті жоқ. Power Point экрандағы слайдтар ауысып жатқанда да анимация жасауға мүмкіндік береді. Аталған бағдарламаның мұндай мүмкіндіктеріне өте сақтықпен қараған жөн. Слайдтарды ауыстырушы және басты анимация жасаушы баяндамашының өзі болуы тиіс. Ең бастысы, слайд ауысып жатқан кезде көрермендердің назарын экранға емес баяндамашыға аударуға барынша тырысу керек.

Б қосымшасы

Пікірталас.

Пікірталас – көне гректің сөзі «polemikos». Оның мағынасы – «жаулық», «дұшпандық». Әрине бүгінгі мағынасы басқаша: бірдеңені талқылау мақсатында жиналыстарда, баспасөз беттерінде орын алатын сайыс. Мұнда қарсы жақты жеңіп шығу, өз пікірінде қалып, соны бекіту мағынасында қолданылады. Сайысшылар әлеуметтік мәселелерді шешеді, қоғамның дамуына жол бермей отырған кедергілермен күреседі. Пікірталас – білім алушылардың ойын білдіріп сөз сөйлеуіне мүмкіндік беретін педагогикалық әдіс. «Пікірталас» ұғымына «пікір алмасу», «ойталқы», «ойбөліс», «сөзталас», «айтыс» сынды түсініктер жақын. Пікір алмасу - латын сөзі «discussio», беретін мағынасы «зерттеу», «талқылау», «талдау». Пікір алмасу топ арасында өтеді. Мақсаты - әртүрлі қозғалыстарды

салыстыра зерттей отырып, шындық пікірді көрсету, талас мәселенің шешімін іздеп табу. Пікір алмасу - шындыққа көз жеткізудің ең тиімді тәсілі, өйткені қатысқандар шындыққа көзі жеткендіктен өздері бір пікірге келеді. «Ойталқы» сөзі латын тілінен алынған «disputatio», мағынасы – «ой жүгірту», «жарыс сөз», «айтыс». Ойталқы - ғылыми және қоғамдық мәні бар тақырыптардың төңірегінде көпшілік арасында өтетін сөз жарысы. Сөз жарысына қатысқандар белгілі бір пікірге тоқталады. Ойбөліс -француз сөзі «debat», мағынасы – «айтыс», «жарыссөз». Ойбөліс - көпшілік алдында екі адамның не екі топтың бірдеңе туралы ой пікірлерін ортаға салуы. Сөзталас - орысша «прения», мағынасы бір нәрсені, қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас, ойбөліс сияқты, баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда орын алады. Айтыс – қазақтың сөзі екені белгілі. Мағынасы – екі адамның, екі топтың арасында суырып салма өлеңмен кезектесе айтылатын сөз жарысы, өнер сайысы. Пікірталас оқу полилогі түрінде өтіп, студенттердің коммуникативтік машықтарын жетілдіруге мүмкіндік береді. Пікірталасқа қатысу үдерісінде білім алушылардың тіл мәдениеті қалыптасады.

СӨЖ сабақтарында «экспресс-пікірталасты» қолданған тиімді. Сұхбаттың бұл түрін оқу материалдарын бекітудің, «кері байланыстың» немесе таным әрекетін белсендендірудің бір әдісі ретінде қарастыруға болады. Пікірталас барысында білім алушылар белгілі бір мәселені жан - жақты қарастырады және талқылайды. Олар осыған дейін игерген теориялық және практикалық білімдерінің негізінде ортаға салынған мәселеге қатысты өз пікірлерін, пайымдауларын, өмірлік тәжірибелерін ортаға салады. Сонымен қатар, тосын пікірлерді ескере отырып, оларды болашақта немесе сол сәтте керегіне пайдалануға үйренеді. Пікірталас барысында білім алушылар бір-бірімен тең қарым-қатынаста болады, өзіндік ұстанымдарын қалыптастырады және оны қорғау, басқа пікірлермен салыстыру әрекеттерімен айналысады. Бұл әрекеттер студенттерді демократиялық қоғам ерекшеліктерінің бірі идеологиялардың өзара қақтығысына белсенді түрде араластырады. Пікірталас барысында студенттер өмірдің нақты мәселелерімен бетпе - бет келіп, оларды әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастыру арқылы оңтайлы шешімдер табуға тырысады.

Әдетте, пікірталасқа дайындалу барысында студент интернет қорын, ғылыми еңбектерді, мерзімді баспасөз материалдарын, әдеби шығармаларды, сөздіктерді, анықтамалықтарды т.б. дереккөздерді, сондай ақ жеке өз тәжірибесінен мысалдарды қолданады. Айтылым мәтінінің сапасы төрт негізгі компоненттен тұрады: ойдың ашықтығы, түсініктілігі, сауаттылығы, сәйкестігі. Студент айтқысы келген идеяны нақты және сауатты жеткізуі керек. Білім алушылар пікірталас тақырыбы бойынша мәселені шешу жолдарын іздегенде келесідей бағыттарда ой қорытуы керек: мәселені айқындау (сипаттау); мәселенің себептерін анықтау; мәселені шешу жолдарын көрсету; дәлелдер келтіру (негіздеу). Студенттер пікірталаста өз

көзқарастарын жан - жақты нақтылап, дәлелдей білуі керек. Сол себепті оларға алдын - ала «менің ойымша»; «менің байқауымша...», «...деген жалпы пікірге қосыла отырып...», «менің негізгі ойым...», «...деген тұжырым жасағым келеді» т.б. тілдік оралымдарды ұсынған тиімді.

В қосымшасы

Дөңгелек үстел

«Дөңгелек үстел» ұғымы 1150 жылы алғашқы рет қолданылыпты. Артур атты патша тойға келген қонақтар өздерінің бір-бірімен тең дәрежеде екенін сезінсін деген мақсатпен арнайы дөңгелек үстелге отырғызған екен. Сол себепті дөңгелек үстел – дәрежесі тең адамдардың нақты тақырып бойынша әңгімелесуі. Дөңгелек үстел басындағылар «Ақиқат айтыста пайда болады», - деген қағиданы негізге алады. Алайда дөңгелек үстелдің ерекшелігі – оның қатысушылары өзекті мәселенің шешімін бірігіп табуды көздейтіндігінде. Пікірталаста жеңгендер мен жеңілгендер болмайды. Қатысушылар өзекті мәселені дөңгелек үстел басында бірге талқылап тығырықтан шығар жолды қосыла іздейді. Дөңгелек үстелдің «кереметі» «дөңгелек» қарым-қатынаста: ешкім ешкімді сынамайды, әрбір қатысушының пікірі құнды. Яғни дөңгелек үстел (шеңбер) – бірліктің символы.

Дөңгелек үстел – студенттердің белгіленген уақыт аумағында (3-4 минут) қарастырылып отырған тақырып (сұрақ, проблема, мәселе, идея, тұжырым, т.б.) бойынша өз ойларын ортаға салу тәсілі (сөз сөйлеушінің уақытына шектеу қойылуы да мүмкін). Бұл әдіс тәжірибе алмасу және практикалық әрекеттердің жетістіктері мен қателіктерін талқылау отырысы (кеңесі) іспеттес. Дөңгелек үстелде білім алушы өз ойын дәлелдеу үшін бірнеше рет сөйлеуі мүмкін.

Дөңгелек үстелде төмендегідей ережелерді ұстанған жөн:

- біреудің сөзін бөлуге болмайды;
- басқаның пікірін сыйлау керек: келіспеушілікті сөз, мимика, ишара, интонация арқылы білдіруге болмайды;
- қатысушылардың тең құқығын бұзуға болмайды;
- тұлғааралық даудың өршуіне жол бермеу керек;
- берілген уақыт шеңберінен аспау керек;
- бірнеше рет сөйлеген жағдайда бұрын айтылған ойды қайталамай, оны ары қарай жалғастыру керек;
- тақырыпты талқылау кезеңінде ұйымдастырушының (жүргізушінің) өз пікірін білдіруіне болмайды;
- туындаған сұрақтарды дөңгелек үстел соңында ғана қоюға болады.

Білім алушылар № 3 СӨЖ-дің екінші кезеңінде оқытушының көмегімен дөңгелек үстелді ұйымдастырудың жоспарын жасауына болады. Әдетте, дөңгелек үстелдің жүргізушісі болады. Сол себепті топ ішінен бір студентті ұйымдастырушы (жүргізуші) сайлауға болады. Дөңгелек үстелдің нәтижелі өтуі тікелей жүргізушіге байланысты. Ол үшін алдын-ала дайындық, ұйымдастырушылық шеберлік қажет. Жүргізуші өз қызметіне жауапкершілікпен қарап іскерлік ойын қағидаларын қатаң сақтауы керек.

Кейбір жағдайда оқытушының өзі де дөңгелек үстелдің жүргізушісі бола алады.

Дөңгелек үстелдің белгілі бір мақсаты болады. Сол себепті оның жұмысы нақты жоспар бойынша ұйымдастырылуы керек. Дөңгелек үстелдің нәтижелі өтуі үшін оның төмендегідей кезеңдері болуы шарт:

1) Кіріспе. Ұйымдастырушы немесе жүргізуші дөңгелек үстел тақырыбын хабарлап, қатысушыларды анықтайды. (Студенттер талқыланатын тақырыппен бұрыннан таныс. Дегенмен бұл дөңгелек үстел ұйымдастырудың тәртібі).

2) Жүргізуші талқыланатын мәселемен қысқаша түрде таныстырады. Қатысушылар «проблемалық тұстарды» айқындап, бірінші кезектегі сұрақтарға жауап іздеп талқыланатын тақырыптың мағынасын толық түсінуге тырысады.

3) Тақырыптың даулы тұстары анықталып, мәселенің шешімін табуға кедергі келтіретін мәселелер сөз болады.

4) Әрбір қатысушы өзінің жеке көзқарасын ортаға салып нақты дәлел келтіреді. Осы кезеңде айтыс көп болады. Ондай жағдайда жүргізуші сөйлеушілерді басқа арнаға жібермей, олардың тақырып аясынан шықпауын қадағалайды. Білім алушылар аудиторияға сөйлеу шеберлігімен әсер етеді. Олар пікірін көрнекі құралдар арқылы (слайд, буклет, плакат т.с.сс) дәлелдеуіне болады. (№ 2 СӨЖ-дегі көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті мен берілген тақырыпты ашу үшін көрнекі құралдарды пайдалануға қатысты әдістемелік ұсыныстарға назар аудару қажет).

5) Барлық пікір айтылып болғаннан кейін қорытынды жасап, шешім қабылдау сәті туындайды. Бұл дөңгелек үстел жұмысының шарықтау кезеңі. Жүргізуші дөңгелек үстелдің мақсаты мен міндетін еске салады. Талқыланған мәселе бойынша қатысушылар қорытынды пікірлерін айтады. Ең соңында барлық қатысушылардың ортақ немесе соған жақын жалпы ұстанымдары қалыптасуы керек. Жүргізуші талқылау барысында мәселенің жеткілікті деңгейде қамтылғандығына қатысушылардың назарын аударып, пікірлерін білдіргені үшін оларға алғыс айтуы қажет.

Дәңгелек үстелдің қатысушысы төмендегідей *тілдік формулаларды* қолдануына болады:

- *Бұл мәселе жөнінде мен... айтар едім;*
- *Менің ойышша (пікірімше)...;*
- *Менің байқауымша,...*
- *Менің есебімше,...;*
- *...деген жалпы пікірге қосыла отырып,...;*
- *...деген дәңгелек үстел қатысушыларының ойымен келісуге болады, алайда...;*
- *Мен мәселенің мына тұсына көңіл аудару керек деп санаймын...;*
- *Менің көзқарасым бойынша, мәселе тереңде жатқан сияқты;*
- *Мен... пікірін басшылыққа ала отырып, ... деп санаймын;*

- *Менің негізгі ойым...;*
- *Менімше, бұл мәселенің шешімі* - ...
- *Мен... деген ... сөздеріне сүйене отырып, ... деп есептеймін;*
- *... қарағанда, біз басқа жолмен жүруіміз керек сияқты...;*
- *... деп бекер айтылмаған шығар, сол себепті...;*
- *... деген пікірмен келісу қиын, біріншіден..., екіншіден..., үшіншіден...;*
- *... деп ойымды қорытамын;*
- *...деген тұжырым жасағым келеді;*
- *Менің сөзімнің тобықтай түйіні...;*
- *Осылайша,... деген қорытынды жасаймын;*
- *Сонымен, мен ойымды ... деп қорытындылаймын.*

Әдебиеттер тізімі

1 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 328 б.

2 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті: Оқулық. - Алматы: Зият Пресс, 2004. – 140 б.

3 Бидайбеков Е.Ы., Елубаев К., Шекербекова Ш.Т. Базы данных и информационные системы. Уч. пособие. – Алматы, 2010. – 212 с.

4 Бөрібаев Б. Программалау технологиялары. Оқулық. – Алматы, 2011. – 352 б.

5 Ибраева А.К., Сүйебаев Л.Б. Информатика. Методические указания по терминологии (русско-казахский, казахско-русский словарь) для студентов всех специальностей. –Алматы: АИЭС, 2006. – 45 с.

6 Камардинов О. Информатика. Оқу құралы. – Алматы, 2008. – 360 б.

7 Кармин Г. Презентации в стиле TED: 9 приемов лучших в мире выступлений. - М.: Альпина Паблишер, 2015. – 253 с.

8 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника. – Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2002. – 456 б.

9 Құралбаев З.Қ. Ақпараттық жүйелердің негіздері. Оқу құралы. – Алматы: АЭжБУ, 2011. – 80 б.

10 Лазарев Д. Презентация: Лучше один раз увидеть! — М.: «Альпина Паблишер», 2011. – 142 с.

11. Мухамадиева Н. Іскерлік қазақ тілі: Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2010. –152 б.

12. Смирнова Ю.Г. Русский язык. Грамматика технического текста: Учебное пособие. – Алматы: АУЭС, 2013. – 200 с.

13 Төлеуп М.М. Кәсіби қазақ тілі. 5В071800 – Электр энергетика бағыты студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулар. -Алматы: АЭжБУ, 2013.– 35 б.

14 Тұрсынова Г.Т., Шүленбаева Ұ.Р. Кәсіби қазақ тілі: оқулық жоғары техн. оқу орынд. арналған. – Алматы: ҚазҰТУ, 2012. – 338 б.

15 Тұрым А.Ш. Есептеу жүйелері. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 89 б.

16 Шанаев О.Т. Микропроцессорлық жүйелер. Оқу құралы. – Алматы: АЭжБИ, 2009. – 80 б.

17 Шәрібжанова Ғ. Ғ. Кәсіби қазақ тілі. ЖОО-ға арналған оқу құралы. Алматы: АЭжБУ, 2016. – 100 б.

18. Шукаев Д.Н. Компьютермен модельдеу негіздері: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 200 б.

Мазмұны

Кіріспе.....3
Студенттің № 1 өздік жұмысы..... 4
Студенттің № 2 өздік жұмысы 4
Студенттің № 3 өздік жұмысы.....5
Студенттің № 4 өздік жұмысы.....8
Студенттің № 5 өздік жұмысы 11
Студенттің № 6 өздік жұмысы 11
Студенттің № 7 өздік жұмысы.....11
Студенттің № 8 өздік жұмысы.....13
Студенттің № 9 өздік жұмысы 15
Студенттің № 10 өздік жұмысы 16
Студенттің № 11 өздік жұмысы 17
Студенттің № 12 өздік жұмысы 18
Студенттің № 13 өздік жұмысы 22
А қосымшасы.....23
Б қосымшасы.....30
В қосымшасы.....32
Әдебиеттер тізімі.....35

2018 ж. жиынтық жоспары, реті 77

Ажиев Қанат Өмірзақұлы

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Есептеу техникасы және бағдарламалық қамту мамандығына арналған
СӨЖ тапсырмалары мен әдістемелік нұсқаулықтар

Редактор Ж.Н. Изтелеуова
Стандарттау бойынша маман Г.И. Мухаметсариева

Басуға қол қойылды_ _ _
Таралымы 40 дана
Көлемі 2,063 есептік-баспа табақ

Пішімі 60х84 1/16
Баспаханалық қағаз№1
Тапсырыс ____Бағасы 1030 теңге

«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірмелі-көбейткіш бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126